23031888371

Құжатқа қол қойылған: Турбаев Е. Б., 17.10.2025
Құжатқа қол қойылған: Жуынтаева С. Н., 17.10.2025
Құжатқа қол қойылған: Еркінбеков М. Ж., 17.10.2025

Қ А У Л Ы

2025 жылғы 16 қазан № 4399-25-00-2а/1081 Қызылорда қаласы

Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында:

төрағалық етуші судья М.Ж.Еркінбеков,

судьялар С.Н.Жуынтаева, Е.Б.Турбаев болып,

талап қоюшының өкілі А.Жалгасбаевтың қатысуымен,

ашық сот отырысында Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылдың 5 тамызындағы шешіміне жауапкердің апелляциялық шағымымен түскен,

талап қоюшы «Қуандария ауылдық округі әкімінің аппараты коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (әрі қарай-талап қоюшы) жауапкер «Әділжан и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (әрі қарай-жауапкер, Серіктестік) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы негізіндегі электрондық форматтағы азаматтық ісін қарап,

А Н Ы Қ Т А Ғ А Н Ы:

Талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы қоюымен сотқа жүгініп, оны жауапкердің шарт бойынша міндеттемесін орындамауына негіздеген.

Шағымдалып отырған шешіммен талап қою қанағаттандырылып, жауапкер «Әділжан и К» ЖШС-і мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылған.

Жауапкер тарап апелляциялық шағымында бірінші саты сотының шешімімен келіспей, оның күшін жойып, талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Жауапкер тарап сот отырысының болатын уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған. Алайда жауапкердің өкілі дәлелсіз себептермен сот отырысына келмей отыр. Істің мұндай тұрғысында апелляциялық сот алқасы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) 196-бабының талабына сәйкес істі жауапкер тараптың қатысуынсыз қаруға толық негіз бер деп тапты.

Апелляциялық саты соты іске қатысушылардың пікірлерін, прокурордың апелляциялық шағымды қанағаттандарусыз қалдыруды сұраған қортындысын тыңдап, іс бойынша жинақталған дәлелдемелерді зерттеп, апелляциялық шағымның уәждерін талқылап, төмендегідей тұжырымға келді.

Құжатқа қол қойылған: Турбаев Е. Б., 17.10.2025
Құжатқа қол қойылған: Жуынтаева С. Н., 17.10.2025
Құжатқа қол қойылған: Еркінбеков М. Ж., 17.10.2025

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай-АК) 272-бабының талабына сай, міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

АК-нің 359 бабының 1-тармағына сай, борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылдың 1 шілдесіндегі заңының (әрі қарай-Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасының талабына сай, шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылдың 21 сәуіріндегі № 4 нормативтік қаулысының 8-тармағында, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет екендігі көрсетілген.

Іс бойынша анықталған мән-жайларға қарағанда, 2025 жылдың 21 сәуірінде талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкердің (Мердігер) арасында Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы № 26 шарты (әрі қарай-Шарт) жасалынған.

Шарттың 2.1-тармағына және де қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 3 380 000,33 теңгеге 2025 жылдың мамыр мен қыркүйек айларының аралығында Қуаңдария ауылының орталығын аяқ сумен қамтамасыз ету қызметтерін көрсетуі тиісті болған.

Шарттың 9.1-тармағына сәйкес, Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады.

4399-25-3-2/1082

Құжатқа қол қойылған: Турбаев Е. Б., 17.10.2025
Құжатқа қол қойылған: Жуынтаева С. Н., 17.10.2025
Құжатқа қол қойылған: Еркінбеков М. Ж., 17.10.2025

Өз кезегінде Шарт Қазынашылық органында 2025 жылдың 24 сәуірінде тіркелді.

Іс бойынша зерттелген дәлелдемелерге қарағанда Шарт жасалғаннан кейін жауапкердің өкілдері 2025 жылдың мамыр айының басында Қуаңдария ауылына жұмыстың барысымен танысуға келіп, ол жасалатын жұмыстар сметадағы талаптар бойынша жасалу қажеттігі ескертілген.

Негізінен Шарттың талабына сай аяқ суды іске қосу үшін 2025 жылдың мамыр айында келесі жұмыстары жүргізілуі тиісті болған: - 1.Электронасосты электр тоғына қосуға аудандық электр тарату торабы мекемесімен келісім шартқа отыру жұмыстары жасалу; - 2. Электронасосты күтіп ұстау үшін майлау жұмыстары жүргізілу; - 3. Смета бойынша жұмысқа жұмысшы алып жалақысын жүргізу; - 4. 300, 500 мм трубалар 60 м жерге орналастыру жұмыстары жүргізу.

Алайда жауапкер тарапы жұмысты жасап, жүргізу үшін Қуаңдария ауылына 2025 жылдың мамыр айында келмеген соң, талап қоюшының тарапынан оларға телефон арқылы хабарласып және электронды портал арқылы бірнеше рет ескертпе хаттар жолданған.

Мамыр айында жауапкер Серіктестіктің өкілдері жұмыстарды жүргізетіндіктері туралы телефон арқылы хабарлаған соң олардың атқаратын жұмыстарына 420 000 теңге аударылып берілетін болып келісілген.

Бірақта жауапкер тарапынан Шарт бойынша жұмыстарды атқармағандықтан, Куаңдария ауылының тұрғындарының үйіргелік жерінің ағаштары суарылмай және есік алдына егілетін бақшалық өнімдері шықпай қалу қаупі туындағандықтан талап қоюшының тарапынан аяқ суды ауылға жеткізіп беру жұмыстары жүргізген.

Осыдан кейін 2025 жылдың 26 мамырында талап қоюшының тарапынан жауапкер Серіктестікке өзіне алған міндеттемесін орындамауына байланысты Шартты біржақты тәртіпте бұзу туралы хабарлама мемлекеттік веб портал арқылы жолданған.

Өз кезегінде Шарт 2025 жылдың 3 шілдесінде бұзылған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен 2025 жылдың 26 мамырында жүгінген. Ал Шарттың талабына сәйкес атқарылатын жұмыстар 2025 жылдың мамыр мен қыркүйек айларының аралығында орындалуы қажет болғандықтан ол жұмыстар 2025 жылдың 1 мамырынан басталуы тиісті болған. Алайда жауапкердің тарапынан белгіленген күннен бастап Шарт талаптары орындалмай, жұмыстар атқарылмаған. Істің мұндай тұрғысында Заң талаптарында белгіленген талап қоюдың бір айлық мерзімі сақталған.

Жоғарыда баяндалған мән-жайларды ескере отырып апелляциялық сот алқасы бірінші саты сотының жауапкер Серіктестікті мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тануын негізді және тиісті заң талаптарына сәйкес келеді деп есептейді.

4399-25-3-2/1082

Апелляциялық сот алқасы істің мұндай тұрғысында бірінші саты сотының шешіміне өзгеріс енгізуге немесе оның күшін жоюға негіз болатын заңды негіздер анықталмағандықтан сот шешімі өзгеріссіз, апелляциялық шағым қанағаттандырусыз қалдыруға жатады деп тапты.

АПК-тің 424-бабының 1-бөлігінің 1) тармақшасын, 426, 431, 434 баптарын басшылыққа алып, апелляциялық сот алқасы

Қ А У Л Ы Е Т Т І:

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылдың 5 тамызындағы шешімі өзгеріссіз, жауапкер «Әділжан и К жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Қаулыға тараптар, іске қатысатын тұлғалар, сот актілерінде мүдделері қозғалатын басқа да тұлғалар және олардың өкілдері АПК-ның 434-436, 440, 441-баптарының талаптарын сақтай отырып, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде кассациялық тәртіппен Қазақстан Республикасының Азаматтық істер жөніндегі кассациялық сотына кассациялық шағым, прокурор наразылық беруге құқылы.

Төрағалық етуші: М.Ж.Еркінбеков
Судьялар: С.Н.Жуынтаева
Е.Б.Турбаев

Құжатқа қол қойылған: Турбаев Е. Б., 17.10.2025
Құжатқа қол қойылған: Жуынтаева С. Н., 17.10.2025
Құжатқа қол қойылған: Еркінбеков М. Ж., 17.10.2025
4399-25-3-2/1082

4399-25-3-2/1082

Құжатқа қол қойылған: Еркінбеков М. Ж., 17.10.2025

Құжатқа қол қойылған: Жуынтаева С. Н., 17.10.2025

Құжатқа қол қойылған: Турбаев Е. Б., 17.10.2025

Құжатқа қол қойылған: Турбаев Е. Б., 17.10.2025
Құжатқа қол қойылған: Жуынтаева С. Н., 17.10.2025
Құжатқа қол қойылған: Еркінбеков М. Ж., 17.10.2025

ЖАДЫНАМА

Құрметті сот ісіне қатысушы!

Егер Сіз апелляциялық сатыдағы қаулымен келіспесеңіз, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде оны кассациялық сотқа шағымдануға құқығыңыз бар (Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (АПК) 435, 436-бабы).

Қазақстан Республикасының кассациялық сотына өтінішхат берер алдында мыналарды міндетті түрде тексеріп алыңыз:

I. Сіздің ісіңіз кассациялық тәртіпте қаралуға жата ма?

ҚР АПК-нің 434-бабының 2-бөлігімен танысыңыз, онда кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайтын сот актілерінің тізбесі көрсетілген.

II. Өтінішхат пен құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы

- Өтінішхат ҚР АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- Егер сіз өкіл арқылы жүгінсеңіз, оның өкілеттігі ҚР АПК 61-бабына сәйкес ресімделгеніне көз жеткізіңіз.
- Өтінішхатқа мыналар қоса берілуі тиіс:
  - сенімхат
  - адвокат куәлігі және қорғау туралы жазбаша хабарлама (адвокат үшін)
  - заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат (заңгерлер үшін).

III. Мемлекеттік бажды төлеу

Мемлекеттік бажды төлемес бұрын:

- ҚР Салық кодексінің 610-бабымен;
- АПК-нің 104-бабымен;
- Жоғарғы Соттың 07.07.2016 жылғы №6 «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағымен.
- ҚР СК 616-бабымен (мемлекеттік баж төлеуден босату негіздері) мұқият танысыңыз.

IV. Қазақстан Республикасының кассациялық сотына мемлекеттік бажды төлеу үшін деректемелер:

Бенефициары: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

БСН: 981140001115

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6203

БСК 108126 - Жергілікті бюджетке түсетін мемлекеттік баж

ТТК 911